

Тіркелген бірыңғай салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 164 шешімі. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 4 маусымда № 9-20-153 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 205 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 14.02.2018 № 205 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99–IV Кодексінің 422–бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6–бабының 1–тармағының 15) тармақшасына сәйкес Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Федоров ауданының аумағында қызметін атқаратын барлық салық төлеушілерге тіркелген бірыңғай салық ставкалары белгіленсін (қосымша).

2. "Тіркелген жиынтық салық ставкаларын және акциздің ставкаларын белгілеу туралы" мәслихаттың 2008 жылғы 9 қыркүйектегі № 95 шешімі (мемлекеттік тіркетіліміндегі тіркелген нөмірі 9-20-82, 2008 жылғы 9 қазандағы "Федоровские новости" газетінде жарияланған) күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессияның

төрағасы

А. Сергеев

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

С. Сералинова

КЕЛІСІЛДІ

"Федоров ауданы бойынша салық
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Н. Құттығожин

Мәслихаттың

**Федоров ауданының аумағында қызметін
атқаратын барлық салық төлеушілерге
тіркелген бірыңғай салық ставкаларының мөлшерлері**

Реттік нөмірі	Салық салу объектісінің атауы	Бір айға тіркелген салық ставкалары (айлық есептік көрсеткіштері)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3